

## Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорын қайта ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 шілде N 1097. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.12.01. N 1219 қаулысымен. ~P981219

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы "Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" мекемесі болып қайта құрылсын.

Осы мекеменің негізгі функциялары:

жекешелендіруден кейінгі кезеңдегі ауыл шаруашылығы секторында жүргізілген құрылымдық қайта құруларды қаржылай қолдау;

шағын және орташа агробизнес, селодағы нарықтық инфрақұрылым объектілерінің қалыптасуына қаржылай көмек көрсету;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сауықтыру шараларын қаржыландыру;

сауықтыруға жататын кәсіпорындардың қаржылық міндеттемелерін есепке алу және оларды сауықтырудың тәртібін айқындау;

асыл тұқым өсіру жұмысын, тұқым шаруашылығын дамытуды, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі шараларды мемлекеттік қолдау болып белгіленсін.

Мекемеге ауыл шаруашылығын қолдауды жүзеге асыру үшін бөлінген қаражат ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін тікелей дотациялауға бағытталуы мүмкін емес.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай

мерзім ішінде Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры туралы ережені әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың Мемлекеттік қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 желтоқсандағы N 1447 қаулысының

P941447\_

(Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 48, 542-құжат 4-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК